

**"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы
" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 364 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес , мемлекет пен кәсіпкерлердің өзара іс-қимылын жандандыру мақсатында **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Кеңес туралы ереже;

2) Кеңес құрамы бекітілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

" _ _ _ "

_ _ _ _ _

N

_ _ _ _

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Президенті
жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы кәсіпкерлікті дамыту және оны тиімді мемлекеттік қолдау мәселелері жөнінде тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Кеңестің міндеттері

3. Кеңестің негізгі міндеттері:
кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға бағытталған, сондай-ақ нарықтық экономиканы дамытуды ынталандыратын жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін іскер топтарды, кәсіпкерлік қауымдастықтар мен одақтарды шоғырландыру;
кәсіпкерлік саласындағы маңызды мемлекеттік проблемалар бойынша ұсынымдарды және оларды шешу мүмкіндіктерін әзірлеу болып табылады.

3. Кеңестің құқықтары

4. Кеңестің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және өз қ ұ з ы р е т і ш е г і н д е :
Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға байланысты мәселелер жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;
консультациялар жүргізуге, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан а қ п а р а т т а р с ұ р а т у ғ а ж әне а л у ғ а ;
проблемалық мәселелерді талқылауға қатысу үшін кәсіпкерлер өкілдерін, мамандарды, ғалымдар мен тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқығы бар.

4. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

5. Кеңестің төрағасы Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады.
6. Кеңестің мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда бір реттен жиі болмай ө т к і з і л е д і .
7. Кеңестің кезектен тыс мәжілісі Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша шақырылады.
8. Кеңестің құрамы мемлекеттік органдарының және кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерінен қалыптасады.

9. Кеңестің дербес құрамы Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен бекітіледі және өзгертіледі.

10. Кеңестің мүшелері оның мәжілістеріне алмастыру құқығынсыз қатысады.

11. Кеңестің шешімі мәжілісте осы мәжіліске қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Талқыланатын мәселе бойынша дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Кеңестің мүшесі немесе мүшелері өздерінің ерекше пікірін білдіруге құқылы.

Кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатқа ие.

12. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі болып табылады.

13. Кеңестің Жұмыс органы:

Кеңестің мәжілісін өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

Кеңес шешімдерінің атқарылуына мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

Кеңес мүшелерінің ұсыныстарының және олар бұрын қабылдаған шешімдердің негізінде мәжілістің күн тәртібінің жобасын қалыптастырады;

Кеңес мүшелеріне Кеңестің кезекті отырысының орны, өткізілу уақыты мен күн тәртібі туралы хабарлайды және оларды қажетті материалдармен уақтылы қамтамасыз етеді;

Кеңестің шешімдері бекітілген күннен бастап бір апта ішінде Кеңестің мүшелеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға хаттамалардың көшірмелерін және өзге де қажетті материалдарды жібереді.

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2005

жылғы

" --- "

N

Жарлығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті

жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің

құрамы

Назарбаев

- Қазақстан Республикасының Президенті,

Нұрсұлтан Әбішұлы төраға

Мыңбаев

- Қазақстан Республикасы Премьер-

Сауат Мұхаметбайұлы

Министрінің орынбасары - Қазақстан
Республикасының Индустрия және сауда

министрі

Мәсімов	- Қазақстан Республикасы Президентінің
Кәрім Қажымқанұлы	көмекшісі
Балиева	- Қазақстан Республикасының Әділет
Зағипа Яхиянқызы	министрі
Дунаев	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Арман Ғалиасқарұлы	министрі
Келімбетов	- Қазақстан Республикасының Экономика
Қайрат Нематұлы	және бюджеттік жоспарлау министрі
Ахметов	- "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен
Серік Нығметұлы	жұмыс берушілері жалпы ұлттық одағының
	атқарушы директоры (келісім бойынша)
Байкенов	- Қазақстан Республикасының Жұмыс
Қадыр Қарқабатұлы	берушілер (кәсіпкерлер) конфедерациясы
	басқармасының төрағасы (келісім бойынша)
Баталов	- Қазақстанның кәсіпкерлер форумы
Райымбек Әнуарұлы	кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
Мырзахметов	- Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп
Абылай Исабекұлы	палаталары одағының президенті
	(келісім бойынша)
Аханов	- Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының
Серік Ахметжанұлы	төрағасы (келісім бойынша)
Әбдірахманов	- Қазақстан құрылысшылары және
Кеңесбай Әбдірәсілұлы	Кәсіпкерлер қауымдастығының президенті
	(келісім бойынша)
Шамсутдинова	- Мүлтіксіз бизнес кәсіпорындары
Светлана Юрьевна	қауымдастығының президенті
	(келісім бойынша)
АБТ	- Қарағанды облысы кәсіпкерлері
Николай Викторович	қауымдастығының президенті
	(келісім бойынша)
Казанцев	- Астана қаласы Кәсіпкерлер құқықтарын
Павел Олегович	қорғау жөніндегі қауымдастығының
	президенті (келісім бойынша)
Сүгірбеков	- Шымкент қаласы "Оңтүстік кәсіпкерлерінің
Қайрат Кеңесұлы	лигасы" қоғамдық бірлестігі басқармасының
	төрағасы (келісім бойынша)
Дүйсембаев	- Павлодар қаласы "Бизнес" қауымдастығы
Бақытриза Күлікбайұлы	қоғамдық бірлестігінің президенті
	(келісім бойынша)

Сырғабаева - "Маңғыстау кәсіпкерлерінің лигасы"
Дина Избасарқызы қоғамдық бірлестігінің президенті
(келісім бойынша)

Акулов - Шығыс Қазақстан облысы Қамысты шаруа
Владимир Иосифович қожалығының директоры (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК